15.40 -16.15	Массаж Абдраханова Р Ағылшын тілі	Жеке емдік шаралар Таза ауада серуен. Дала ойындары	Жеке емдік шаралар Таза ауада серуен. Дала ойындары	Жеке емдік шаралар Таза ауада серуен. Дала ойындары	**Емдік шаралар (Физио,Галотерапия) Медбике**
16.20-16.55	Жеке емдік шаралар Мультфильм «Моана»	**Емдік шаралар (Физио,Галотерапия) Медбике**	Жеке емдік шаралар Ағылшын тілі	Дәрігер бақылауы Мультфильм «Моана»	Массаж Хасенова Г Мультфильм «Моана»
17.00-17.30	Бөлмелерде тазалық сақтау	Бөлмелерде тазалық сақтау	Бөлмелерде тазалық сақтау	Бөлмелерде тазалық сақтау	Бөлмелерде тазалық сақтау
17.30-17.55	Кешкі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері (1,2 , 4 топ) ШУНГИТТЕРАПИЯ кезекші медбике (5 топ), СӨС бойынша сұхбат «Жеміс-жидек пен көкөністердің пайдасы»				
18.00-18.30	Кешкі ас.Жауапты- топ тәрбиешілері (3, 5 топ) ШУНГИТТЕРАПИЯ кезекші медбике(1 топ), СӨС бойынша сұхбат «Жеміс-жидек пен көкөністердің пайдасы»				
18.35-19.25	«Әрбір адамның бойындағы нұр...» 5 - ауысымның жабылу салтанаты Торжественное закрытие «В каждом человеке солнце...»				
19.30-19.40	Екінші кешкі ас, Жауапты - топ тәрбиешілері (1,2,4 топ) ШУНГИТТЕРАПИЯ кезекші медбике (2 топ), СӨС бойынша сұхбат «Жеміс-жидек пен көкөністердің пайдасы»				
19.45-19.55	Екінші кешкі ас, Жауапты -топ тәрбиешілері (3, 5 топ) ШУНГИТТЕРАПИЯ кезекші медбике (4 топ), СӨС бойынша сұхбаты «Жеміс-жидек пен көкөністердің пайдасы»				
20.00-20.30	«Бүгінгі күннен алған әсерің?» Рефлексия. Тәрбиеші. Топ бөлмелері.				
20.30-21.00	Дәрумен және дәрі қабылдау, кешкі гигиена, Ұйқыға дайындық. Кезекші дәрігер, мед.бикелер, топ тәрбиешілері				
21.00-07.00	Түнгі ұйқы. Жауапты-түнгі тәрбиешілер мен мед. қызметкерлері				

СӘРСЕНБІ, 14.05.25 ж.					
Уақыт	**1 топ**	**2 топ**	**3 топ**	**4 топ**	**5 топ**
07.00-07.20	**Ұйқыдан ояну дене қызуын өлшеу, жуыну. Жауапты- кезекші мед.персонал, түнгі тәрбиеші.Дәруменжәне дәрі қабылдау, медбике**				
07.20-07.30	**Таңғы жаттығу, 1-этаж . Жауапты- кезекші мед.персонал,түнгі тәрбиеші.**				
07.35-07.55	**Таңғы ас. Жауапты - тәрбиешілер (1, 2, 4 топ)**				
08.10-08.30	**Таңғы ас. Жауапты - тәрбиешілер (3, 5 топ)**				
08.10-8.45	КВН-дағы балаларды қарау Кезекші дәрігер Математика Садуллақызы М.	4 блоктың сан. жағдайын тексеру - аға медбике «Жол қауіпсіздігі» тәрбие сағаты	Дәрігер бақылауы Джарылгасова У.Д. Математика Корабаева Ф.Б.	5 блоктың сан. жағдайын тексеру - аға медбике Төлегенова И. К. Математика Есимова Б.К.	Дәрігердің бақылауы Тәрбие сағаты Топ тәрбиешісі
08.50 - 09.25	**Емдік шаралар (Физио,Галотерапия) Медбике Дәрігер бақылауы**	3 блоктың сан. жағдайын тексеру - аға медбике Төлегенова И. К Математика Сапаралиева С.	Емдік шаралар (Физио,Галотерапия) МедбикеДосанова К. С. Жаратылыстану Корабаева Ф. Б.	Тіс дәрігерінің бақылауы Қазақ тілі Есимова Б.К.	Массаж Хасенова Г. М. Русский язык Садуллақызы М.
09.30 – 10.05	Дәрігер бақылауы Литературное чтение Садуллақызы М.	МассажАбдраханова Р Қазақ тілі С. Сапаралиева	Дене шынықтыру Трофимова Л.Н.	Физиотерапевтің бақылауы Мукашева Н. К. Әдебиеттік оқу Есимова Б.К.	Массаж Хасенова Г. М. Психолог Математика Корабаева Ф. Б.
10.05 – 10.40	**Екінші таңғы ас. Фито шәй. Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас. Фито шәй. Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас. Фито шәй. Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас. Фито шәй. Терренкур.Медбике/тәрбиеші**	**Екінші таңғы ас. Фито шәй. Терренкур.Медбике/тәрбиеші**
10.40-11.15	Физиотерапевтің бақылауы Дене шынықтыру Трофимова Л.Н.	МассажАбдраханова Р Русский язык Садуллақызы М.	Емдік шаралар Таза ауада серуен	Массаж Хасенова Г. М. Жаратылыстану Есимова Б.К.	Массаж Хасенова Г. М. Қазақ тілі Корабаева Ф. Б.
11.20-11.55	МассажАбдраханова Р Тәрбие сағаты Топ тәрбиешісі	**Жаратылыстану Сапаралиева С**	Мед. Бақылау Кезекші медбике Русский язык Садуллақызы М.	Мед. Бақылау Кезекші медбике Сөйлеу мәдениеті Есимова Б.К.	Тіс дәрігерінің бақылауы Әдебиеттік оқу Корабаева Ф. Б.
11.55-12.30	Мед. Бақылау Кезекші медбике Түскі ас.	Мед. Бақылау Кезекші медбике Түскі ас.	Оқу, жазу, талдау грамматикасы Садуллакызы М.	Мед. Бақылау Кезекші медбике Түскі ас.	Дене шынықтыру Трофимова Л.Н.
12.00-12.25	**Түскі ас. Жауапты – топ тәрбиешілері (1, 2, 4 топ)** **Шағым бойынша қабылдау (2, 5 топ)**				
12.35-13.00	**Түскі ас. Жауапты – топ тәрбиешілері (3, 5 топ)** **Шағым бойынша қабылдау (1, 3, 4 топ)**				
13.00-14.30	**Күндізгі ұйқы.Жауапты - топ тәрбиешілері.**				
14.30- 14.40	**Екінші түскі ас. Жауапты топ тәрбиешілері (1, 2, 4 топ)**				
14.45-14.55	**Екінші түскі ас. Жауапты топ тәрбиешілері (3, 5 топ)**				

15.00-15.35	**Массаж Абдраханова Р** Қазақ тілі Серікқызы М.	**Емдік шаралар** Таза ауада серуендеу Топ тәрбиешісі	**Психолог** **Массаж Хасенова Г. М** Таза ауада серуендеу Топ тәрбиешісі.	**Емдік шаралар** Дене шынықтыру Трофимова Л.Н.	**Емдік шаралар** **(Физио,Галотерапия)** **Медбике**
15.40 -16.15	**Массаж Абдраханова Р** **Дәрігер бақылауы** Үстел үсті ойындары	**Массаж Абдраханова Р** Дене шынықтыру Трофимова Л.Н.	**Жеке емдік шаралар** Таза ауада серуендеу Топ тәрбиешісі	**Жеке емдік шаралар**	**Массаж Хасенова Г. М.** Таза ауада серуендеу Топ тәрбиешісі
16.20-16.55	Таза ауада серуендеу Топ тәрбиешісі	**Емдік шаралар** Жабылу салтанатына дайындық	**Массаж Абдраханова Р** «Жол қауіпсіздігі» тәрбие сағаты	**Емдік шаралар** **(Физио,Галотерапия)** **Медбике**	**Массаж** **Хасенова Г** Дене шынықтыру Трофимова Л.Н.
17.00-17.30	«Жол қауіпсіздігі» тәрбие сағаты	**ШУНГИТТЕРАПИЯ кезекші медбике**	**Емдік шаралар**	«Жол қауіпсіздігі» тәрбие сағаты	**Емдік шаралар**
17.30-17.55	**Кешкі ас. Жауапты - топ тәрбиешілері (1, 2 , 4 топ)** **ШУНГИТТЕРАПИЯ кезекші медбике (5 топ),** СӨС бойынша сұхбат «Жол ережесін білесің бе?»				
18.00-18.30	**Кешкі ас.Жауапты- топ тәрбиешілері (3, 5 топ)** **ШУНГИТТЕРАПИЯ кезекші медбике(1 топ),** СӨС бойынша сұхбат «Жол ережесін білесің бе?»				
19.30-19.40	**Екінші кешкі ас, Жауапты - топ тәрбиешілері (1,2,4 топ) ШУНГИТТЕРАПИЯ кезекші медбике (2 топ),** СӨС бойынша сұхбат «Жол ережесін білесің бе?»				
19.45-19.55	**Екінші кешкі ас, Жауапты -топ тәрбиешілері (3, 5 топ) ШУНГИТТЕРАПИЯ кезекші медбике (4 топ),** СӨС бойынша сұхбат «Жол ережесін білесің бе?»				
20.00-20.30	Жүректен жүрекке шеңбері. Рефлексия. Тәрбиеші. Топ бөлмелері.				
20.30-21.00	**Дәрменжәнедәріқабылдау, кешкі гигиена, Ұйқыға дайындық. Кезекші дәрігер, мед.бикелер, топ тәрбиешілері**				
21.00-07.00	**Түнгі ұйқы. Жауапты-түнгі тәрбиешілер мен мед. қызметкерлері**				
14.05-24.00	**Балаларды шығарып салу.** Тәрбиешілер, медбикелер				

Оқу – сауықтыру кешенінің директоры **А.Т. Маденова**

БЕКІТЕМІН
«Бөбек» ҰҒПББСО
Оқу - сауықтыру кешені
директоры
_____ А.Т.Маденова

«Жастардың жауапкершілігі: Өзін-өзі басқару ұйымы арқылы болашаққа қадам»

Алматы, 2025 жыл

Мазмұны

1) Аннотация .....
2) Кіріспе .....
3) Негізгі кезең .....
4) Қорытынды .....

Аннотация

"Өзіңді басқарған адам әлемді басқара алады."
Әл-Фараби

Жоба мақсаты: Оқушылардың өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту, жауапкершілік пен көшбасшылық қабілеттерін арттыру, ұйымшылдық пен ынтымақтастықты қалыптастыру, білім беру ортасында оқушылардың белсенділігін көтеру.

Жоба міндеттері:

1. Оқушылардың көшбасшылық дағдыларын дамыту.
2. Оқушылар арасында жауапкершілік, сенім және ынтымақтастықты нығайту.
3. Өзін-өзі басқару ұйымының құрылымын қалыптастыру және оны тиімді басқару.
4. Орталықтың ішкі мәдениетін, тәртібін жақсарту.

Жетекшілер: Токкожаева Аяжан, Егем Бақдаулет, Садуова Бакытгуль, Коккозова Айжан.

Жоба қатысушылары: «Бөбек» ҰҒПББСО Оқу-сауықтыру кешенінің сауықтыру ауысымына келген балалар.

Жоба мерзімі: сауықтыру ауысымы барысында

Тақырыптың өзектілігі: Өзін-өзі басқару ұйымы – оқушылардың әлеуметтік және тұлғалық дамуын, сондай-ақ, олардың жауапкершілік сезімін арттыратын маңызды құрал. Бұл ұйым мектепте тәртіп пен ұйымшылдықты қалыптастыруға, оқушылардың белсенділігін және азаматтық жауапкершілігін дамытуға мүмкіндік береді. Өзін-өзі басқару – оқушылардың оқу-тәрбие процесінде өздерінің ролін сезінуіне, сондай-ақ, өз пікірлері мен ұсыныстарын білдіруге мүмкіндік береді. Осылайша, оқушылардың тек білім алумен ғана шектелмей, өзара әрекеттесу, көшбасшылық қабілеттерін дамыту және ұжымдық жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру маңызды болып табылады.

Күтілетін нәтиже:

1. **Өзін-өзі басқару дағдыларын дамыту:** Оқушылардың көшбасшылық қасиеттері артады, өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарайды.
2. **Мектепішілік белсенділік артты:** Оқушылардың мектеп өміріне қатысу деңгейі жоғарылайды, әртүрлі іс-шараларға белсенді қатысады.
3. **Ұйымшылдық пен ынтымақтастық:** Оқушылар бір-бірімен ынтымақтасып, топ болып жұмыс істей білу дағдыларын меңгереді.
4. **Қоғамға қызмет:** Оқушылар өздері ұйымдастырған іс-шаралар арқылы қоғамға пайдалы болуға ұмтылады.
5. **Көшбасшылық дағдылар:** Өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері көшбасшы рөлін жақсы меңгереді.

1. Кіріспе

"Өзінді басқару арқылы ғана өзгелерді басқаруға болатынын түсін."
Дейл Карнеги

Өзін-өзі басқару – бұл қоғамдағы әрбір адамның өз іс-әрекеттері үшін жауапкершілікті өз мойнына алуын және сол арқылы өз ортасында үйлесімділік, тәртіп, жауапкершілік қалыптастыруды білдіреді. Өзін-өзі басқару ұғымы көптеген салаларда қолданылады, оның ішінде ұйымдар мен мекемелерде, мектептерде, қоғамда және жеке өмірде. Біздің бүгінгі баяндамамыздың басты тақырыбы – оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының маңызы мен тиімділігі.

2. Негізгі кезең

Өзін-өзі басқару жүйесі – оқушылардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына жол ашатын маңызды құрал. Өздеріне жүктелген тапсырмаларды орындау барысында балалар өздерінің ұйымдастырушылық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады. Сонымен қатар, бұл әдіс оқушылардың білім деңгейін арттыруға және олардың өзіндік дербестігін нығайтуға септігін тигізеді.

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ ДАМУ ӘДІСТЕРІ:

- Кеңейтілген сенім әдісі: Балаларға дербес шешім қабылдау мүмкіндігін беру.
- Жауапты кепілдік әдісі: Әр әрекетіне жауапкершілік жүктеу.
- Жеке мысал әдісі: Басқа оқушыларға үлгі болу.
- Сендіру әдісі: Балалардың дұрыс шешімге келуіне көмек көрсету.
- Қоғамдық пікір әдісі: Ұжымдық талқылау арқылы ортақ шешімге келу.
- Мадақтау және мотивация әдісі: Ойындар, жарыстар, дәстүрлер арқылы шабыттандыру.

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУДЫҢ БАСТЫ ПРИНЦИПТЕРІ:

- Топтың міндеттерін әділ әрі сапалы орындау.
- Ұжым мүшелерінің ортақ мүдде үшін бірлесе әрекет етуі.
- Әр баланың жауапкершілік алуы және өзіне сенімді болуы.

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ҰЙЫМЫНЫҢ АТҚАРАТЫН ЖҰМЫСТАРЫ:

- Интеллектуалды сайыстар мен білім жарыстарын ұйымдастыру.
- Мерекелік іс-шараларды жоспарлау және өткізу.
- Қабырға газетін дайындау және шығармашылық идеяларды жүзеге асыру.
- Әлеуметтік және қоғамдық жобаларға белсене қатысу.

ТӘРБИЕШІНІҢ МІНДЕТТЕРІ:

- Балалардың арасында өзара сыйластық атмосферасын қалыптастыру.
- Балалардың өмір салтын дұрыс ұйымдастыруға бағыт беру.
- Жалпыадамзаттық құндылықтарды бойларына сіңіру.

ӨЗІН-ӨЗІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ:

Сауықтыру кешеніне келген балалардың 22 күндік демалысы өзін-өзі басқару жүйесінің негізінде ұйымдастырылады. Балалар кешенге келгеннен кейін екінші күннен бастап, өзін-өзі басқару құрылымы, оның міндеттері мен ұйымдастырушылық қағидалары туралы толық ақпарат беріледі.
Әр ауысымда өзін-өзі басқару ұйымы құрылады. Оған бір Президент және төрт министр (денсаулық, спорт, мәдениет және қауіпсіздік министрлері) сайланады.

Президент - барлық балаға және өткізілетін іс-шараларға жауапты болғандықтан, оның басты ұстанымы – әділеттілік пен шынайылық. Президенттің негізгі міндеті – ұжымда ақиқат құндылығын ұстанып, өзгелерге үлгі көрсету.

Мәдениет министрі - ұсынған идеялар негізінде мерекелік іс-шараларды жоғары деңгейде ұйымдастыруға жауапты. Бұл қызмет өнерлі балаларды бір ортаға жинап, шығармашылықтарын дамытуға ықпал етеді. Өнердің ұқыптылық пен табандылықты талап ететінін ескерсек, бұл министрлікке тән басты құндылық – өз ісіне сүйіспеншілікпен қарау.

Спорт министрі - балалардың спортпен белсенді түрде айналысуына жағдай жасап, олардың денсаулығы мен жан дүниелерінің үйлесімді дамуына үлес қосады. Бұл қызметтің басты мақсаты – балалардың бойында ішкі тыныштық пен тәртіпті қалыптастыру.

Денсаулық министрі - әрбір баланың денсаулығын нығайтуға бағытталған шараларды ұйымдастырады. Күнделікті режимді сақтау, дұрыс тамақтану мен дұрыс әрекет ету сияқты әдеттерді қалыптастыру – бұл қызметтің негізгі міндеттері.

Қауіпсіздік министрі - балалардың тәртібін қадағалап, олардың бір-біріне құрметпен қарауын қамтамасыз етеді. Қауіпсіздік шараларын сақтау арқылы қиянат жасамау құндылығының үлгісін көрсетеді.

Бастауыш сынып оқушылары үшін өзін-өзі басқару ұйымы сайлауы – қызықты әрі жаңа тәжірибе. Бұл сайлау балалардың іскерлік қабілеттерін дамытуға, өздерін жеке тұлға ретінде қалыптастыруға мүмкіндік береді. Оқу-

сауықтыру кешенінде елдің түкпір-түкпірінен жиналған оқушылардың қатысуымен өзін-өзі басқару ұйымы құрылды. Ұйым кеңесі балалар арасында сайлау өткізіп, Президент, мәдениет, спорт, қауіпсіздік және денсаулық министрлерін таңдау арқылы анықтады. Сайлауға әр топтан екі үміткер, барлығы он бала қатысты. Сайлау кезінде әр үміткер өздерін таныстырып, жұмыс жоспары мен идеяларын ұсынды. Дауыс беру нәтижесінде жеңімпаздар анықталып, келесі күні олардың атқаратын қызметтері ресми түрде жарияланды. Қызметіне кіріскен әрбір бала өз міндеттерін жоғары жауапкершілікпен орындап, ұйымның басты мақсаттарына жету жолында үлес қосуға кірісті.

3. Қорытынды

Өзін-өзі басқару – әрбір адамның ішкі еркіндігін, жауапкершілігін және жеке дамуын қамтамасыз ететін маңызды процесс. Бұл қабілет адамның өз өміріне жауапкершілікпен қарап, өз шешімдерін қабылдай білуін, сондай-ақ өміріндегі мақсаттарға жету үшін күш-жігерін дұрыс бағытта қолдануын талап етеді. Өзін-өзі басқару тек жеке тұлғаның ғана емес, сондай-ақ қоғамның да дамуына ықпал етеді, өйткені бұл қасиет адамдар арасындағы өзара құрмет пен түсіністікті арттырады, үйлесімділік пен тәртіп орнатуға септігін тигізеді.

Өзін-өзі басқару ұйымдары мектептер мен білім беру мекемелерінде оқушылардың тұлғалық дамуына және әлеуметтік жауапкершілік сезімін қалыптастыруға бағытталған маңызды құрал болып табылады. Оқушылар өздерін-өзі басқаруға үйреніп, көшбасшылық дағдыларын шыңдайды,

ұжымда жұмыс істеу қабілеттерін дамытады, сонымен қатар өз пікірлерін білдіріп, мектеп өміріне белсенді қатысады.

Жалпы, өзін-өзі басқару – бұл тек жеке тұлға үшін ғана емес, бүкіл қоғам үшін маңызды. Ол адамдардың өздеріне деген сенімділігін арттырады, қоғамда әділеттілік пен тәртіп орнатуға ықпал етеді. Бұл процесс адамдарға тек қана өз өмірін басқаруға ғана емес, өз ортақ мақсаттарына жету жолында бірігуге де мүмкіндік береді. Сонымен қатар, өзін-өзі басқарудың негізінде жеке жауапкершілік пен өзара сыйластық жатыр, бұл қоғамда тұрақтылық пен бейбітшілік орнатуға себеп болады.

Сондықтан, өзін-өзі басқару мәдениетін қалыптастыру – әр адамның және жалпы қоғамның болашағы үшін үлкен маңызға ие.

Қазақстан Республикасының оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО

Оқу - сауықтыру кешені

2025 жылдың
«Бір шаңырақ астында» ұлттар достығы фестивалі
СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Дәрушова Ә.Б.

Өткізілетін күні: 01.05.2025 ж.
Өткізілетін уақыты: сағат 15:00
Өткізілетін жері: хол ОСК
Қатысушылар: 2025 жылдың 5 - ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері
Мақсаты: Қазақстан халықтарының бірлігі мен достығын нығайту, көпұлтты елдің мәдениетін насихаттау. Ұлттар арасындағы достық пен ынтымақтастықты дәріптеу, әртүрлі мәдениеттер мен дәстүрлерге құрмет көрсету. Жастарға түрлі ұлттардың салт-дәстүрлерін үйретіп, олардың бойында толеранттылық пен бірлік сезімін қалыптастыру.
Цели: Укрепление единства и дружбы народов Казахстана, пропаганда многонациональной культуры страны. Пропаганда дружбы и сотрудничества между народами, уважение к различным культурам и традициям. Знакомство с культурным многообразием Казахстана, с национальным искусством и кухней. Воспитание у молодежи толерантности и чувства единства через изучение обычаев и традиций разных народов.
Міндеті:
- Ұлттық өнер мен мәдениет саласында әр ұлттың ерекшеліктерін көрсету.
- Ұлттар достығын насихаттайтын түрлі өнер түрлерін ұйымдастыру (би, ән, күй, қолөнер).
- Әр ұлттың ұлттық тағамдарын көрсетіп, қатысушыларға тағам мәдениетімен таныстыру.
- Мереке барысында ұлттар арасындағы қарым-қатынасты нығайту үшін ойындар мен интерактивті шаралар ұйымдастыру.

Задачи:
- Показать особенности искусства и культуры каждого народа.
- Организация различных видов искусства, пропагандирующих дружбу народов (танцы, песни, музыка, ремесла).
- Знакомство с национальной кухней различных народов и ее культурными особенностями.
- Организация игр и интерактивных мероприятий для укрепления межнациональных отношений.

Қажетті құрал - жабдықтар: музыкалық аппарат, музыкалық сүйемелдеу, микрофондар, планшет, сценарий

Жүргізушілер: Құдайбергенова А.Ш.- *тәрбиеші*

Байборинова Н.Ж.- *тәрбиеші*

Іс - шара барысы

Фанфар ойнайды, жүргізуші шығады

1-жүргізуші:

Қайырлы күн, ардақты ағайын! Бүгін біз бейбітшілік пен татулықтың, достық пен бірліктің мерекесінде бас қосып отырмыз. 1 Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні құтты болсын!

2-ведущий:

Добрый день, уважаемые гости! Сегодня мы отмечаем особый день - Праздник единства народа Казахстана! Пусть в нашем общем доме всегда царит мир, дружба и согласие!

1-бөлім: Таныстыру шеруі / Парад-представление народов

1-жүргізуші:

Бүгінгі мерекеде біз әртүрлі ұлт өкілдерімен танысамыз. Олар бізге өз мәдениетін, өнерін және ұлттық тағамдарын таныстырады.

2-ведущий:

Сегодня на празднике мы познакомимся с представителями разных народов. Они расскажут нам о своей культуре, искусстве и национальных блюдах.

(Сахнаға біртіндеп әр ұлт өкілі шығып, қысқаша таныстырады)

1-топ: Қазақ ұлты

Қатысушылар:

Қош келдіңіздер! Мен қазақ ұлтын таныстырамын. Қазақ халқы — ежелгі көшпенді халық. Біздің ұлттық киіміміз – камзол, шапан. Ұлттық өнеріміз – күй, терме, айтыс, ал аспабымыз — домбыра. Ұлттық тағамымыз – бешбармақ, қымыз, бауырсақ.

2-топ: Үнді ұлты

Қатысушылар:

Namaste! Мен Үндістан еліненмін. Біздің ұлттық киіміміз — сари мен курта. Ұлттық өнеріміз — Болливуд биі мен классикалық музыка. Ал тағамымыз – дәмдеуішке бай карри мен самоса!

3-топ: Өзбек ұлты

Қатысушылар:

Салом алейкум! Өзбек халқынан келдім. Киіміміз – чапан мен тюбетейка. Біз мақтанышпен әсем ән шырқаймыз, "Лязгинка" биін билейміз. Ұлттық тағамымыз – палау мен нан.

4-топ: Украин ұлты
Қатысушылар:
Здравствуйте! Я представляю украинский народ. Наши традиционные наряды — это вышиванки. Мы любим петь веселые песни и танцевать гопак. А наше главное блюдо — борщ с пампушками!
5-топ: Испан ұлты
Қатысушылар:
¡Hola! Я представляю Испанию. Наш народ любит фламенко — страстный танец и гитару. Мы носим яркие национальные костюмы, особенно на праздниках. А на столе — паэлья, гаспачо и тапас!

2-бөлім: Ұлттық өнер байқауы / Конкурс национального искусства

1. **Қазақ** – Күй "Қара жорға", қыздары "Қамажай" биін орындайды.
2. **Украин** – "Червона рута" халық әні.
3. **Үнді** – Болливуд стиліндегі жарқын би.
4. **Өзбек** – ұлттық би.
5. **Испан** – кастаньетпен фламенко биі.

3-бөлім: Ұлттық тағам көрмесі / Выставка национальных блюд
(Әр ұлттың тағамы жеке үстелде көрсетіледі, қатысушылар таныстырады. Қаласаңыз дәм тату ұйымдастыруға болады)

- **Қазақ тағамдары:** Бешбармақ, бауырсақ, қымыз.
- **Украин тағамдары:** Борщ, вареники, пампушки.
- **Үнді тағамдары:** Карри, самоса, чай масала.
- **Өзбек тағамдары:** Палау, самса, нан.
- **Испан тағамдары:** Паэлья, гаспачо, тапас.

1-жүргізуші:
Біз бірлік пен бейбітшілікті бағалаймыз. Бүгінгі шара – достықтың, татулықтың айғағы!
2-ведущий:
Пусть наша страна всегда будет сильной, мирной и дружной!
Мы разные – но мы вместе!
Барлығы бірге:
БІЗ БІРГЕМІЗ! МЫ ВМЕСТЕ!

Қазақстан Республикасының
оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО

Оқу - сауықтыру кешені

2025 жылдың
«Ер есімі – ел есінде!» Жеңістің 80 жылдығына
арналған мерекелік кеш
СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Токкожаева А.К.

Өткізілетін күні: 09.05.2025 ж.
Өткізілетін уақыты: сағат 18:35
Өткізілетін жері: холл ОСК
Қатысушылар: 2025 жылдың 5 - ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері
Мақсаты: Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерліктерін еске алып, олардың батырлығын құрметтеу арқылы жастарға патриотизм мен Отанға деген сүйіспеншілікті ұялата отырып, ұрпақтар арасындағы байланысты нығайту. Сонымен қатар, бейбітшілік пен бірліктің маңыздылығын атап өту.
Цели: Вспоминая подвиги ветеранов Великой Отечественной войны и чествуя их героизм, мы воспитываем у молодежи патриотизм и любовь к Родине, укрепляем связь между поколениями. Кроме того, подчеркиваем важность мира и единства народов Казахстана.
Міндеті:

- Ұлы Отан соғысына қатысқан ардагерлердің ерлігін еске алып, олардың соғыс жылдарындағы жасаған ерліктерін өскелең ұрпаққа жеткізу.
- Жастардың Отанға деген сүйіспеншілігін арттырып, олардың бойында ұлттық рухты қалыптастыру.
- Ардагерлердің сөздері мен әрекеттері арқылы өткенді ұмытпай, олардан алған үлгімен болашаққа ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу.
- Соғыс жылдарындағы халықтың бірлігі мен ынтымағын еске алып, бүгінде бейбіт өмірдің маңыздылығын түсіндіру.
- Қазақтың дәстүрлі өнерін, соның ішінде домбыра күйлерін, биін және әндерін насихаттау.

Задачи:

- Вспоминая подвиги ветеранов Великой Отечественной войны, передавать их героизм и подвиги тем молодым поколениям.
- Повышать любовь молодежи к Родине, формируя в них национальный дух.
- Через слова и поступки ветеранов передавать будущим поколениям важность сохранения памяти о прошлом и брать пример с их подвигов.
- Вспоминая единство и сплоченность народа в годы войны, объяснять важность мирной жизни в наше время.
- Продвигать традиционное искусство Казахстана, включая домбровую музыку, танцы и песни.

Қажетті құрал - жабдықтар: музыкалық аппарат, музыкалық сүйемелдеу, микрофондар, планшет, сценарий

Жүргізушілер: Болегенова А.К. - *тәрбиеші*

Момбекова Л.К. -*тәрбиеші*

Іс - шара барысы

Фанфар ойнайды, жүргізуші шығады

1-жүргізуші:

Құрметті ардагерлер, қадірменді конақтар, жас ұрпақ! Бүгін біз Ұлы Отан соғысының Жеңісіне 80 жыл толуын атап өту үшін жиналып отырмыз. Бұл күн – біздің ерлеріміздің жеңісі, халқымыздың ерлігі мен батылдығының айғағы.

2-ведущий:

Уважаемые ветераны, дорогие гости, молодежь! Сегодня мы собрались, чтобы отметить 80-летие Победы в Великой Отечественной войне. Этот день — это победа наших героев, символ мужества и стойкости нашего народа!

1-жүргізуші:

Жеңіс күні – тек сол уақытта жан берген, жандарын қиып ұлы жеңіс үшін күрескен ерлеріміздің ғана емес, сонымен қатар барлық қазақстандықтардың да жеңісі. Біз бүгін сол ерлердің есімдерін мәңгі ұмытпай, құрметтеуіміз керек!

2-ведущий:

Дорогие друзья, День Победы — это не только победа тех, кто отдал свои жизни за эту победу, но и победа всех казахстанцев, которые воевали на фронте и работали в тылу. Сегодня мы отдаем дань уважения всем героям!

1-жүргізуші:

Біз бүгін Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, тылда еңбек еткен адамдарды, олардың батырлығын еске аламыз. Олар өз өмірлерін қиып, жеңіс үшін жан аямай күресті. Олардың ерлігі – біздің болашақ ұрпаққа ұлағат.

2-ведущий:

Сегодня мы чествуем ветеранов Великой Отечественной войны и тружеников тыла, чьи подвиги навсегда останутся в памяти поколений. Их мужество и стойкость — пример для всех нас.

1-жүргізуші:
Құрметті қонақтар, бүгінгі кешімізде сіздер Ұлы Отан соғысына арналған әсем әндер мен күйлерді тыңдайсыздар. Бұл әндер мен әуендер біздің ерлеріміздің ерлігін мәңгілікке еске салып, олардың рухын бізбен бірге болуға шақырады.
2-ведущий:
Сегодня в нашей программе звучат песни и мелодии, посвященные Великой Отечественной войне. Эти песни будут напоминать нам о героизме и подвиге наших солдат.
1-жүргізуші:
Жаңғыртып ән мен аспан кеңістігін
Халқымыз қуанышта тегіс бүгін.
Жауды жаншып, Отанды азат еткен
Құрметтеп қарсы алады Жеңіс күнін - дей келе, алғашқы өнерімізді қазақтың ұлттық биі – **«Қара жорға»** биімен бастаймыз. Бұл би – еркіндікті, батылдықты, халықтың рухын көрсететін, сонымен бірге жеңіс пен ерліктің символы болып табылады.
2-ведущий:
День Победы, как он был от нас далек,
Как костлявая, как не осталась в живых...
Но на сердце звезды горят,
Как же приятно, сколько света! - Теперь наступает очередь любимой песни советского народа — **«Катюша».** Эта песня — яркий символ героизма времен войны, любви к Родине и надежды на победу. Через эту песню мы вспоминаем как горькие, так и сладкие воспоминания тех дней.
1-жүргізуші:
Жазылған жоқ өткен күн жоралары,
Сиреп кетті – ау қарттардың аралары.
Бабам жауға бермеген туған жерді
Қорғайды әлі баламның балалары.
Сахнада **«Аққу»** күйімен 3-топ оқушысын қарсы алыңыздар.
2-ведущий:
Жаңғыртып ән мен аспан кеңістігін
Халқымыз қуанышта тегіс бүгін.
Жауды жаншып, Отанды азат еткен
Құрметтеп қарсы алады Жеңіс күнін.
Хор: **«Жеңіс күні»** әні
1-жүргізуші:
Бүгінгі кеште біз Жеңіс күнінің маңыздылығын, біздің халқымыздың ерлігін қайтадан еске алдық. Біз әрдайым ардагерлеріміздің есімін ұмытпай, олардың ерлігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуіміз керек.
2-ведущий:
Мы вспомнили значение Дня Победы и подвиги наших солдат. Мы обязаны передавать память о них и их мужестве будущим поколениям!
Барлығы бірге:
Жеңіс күні құтты болсын!
С праздником Победы!

Қазақстан Республикасының
оқу - ағарту министрлігі

«Бөбек» ҰҒПББСО

Оқу - сауықтыру кешені

2025 жылдың
«Жұлдызды кеш» атты 3-ші топтың шығармашылық кеш
СЦЕНАРИІ

Жауапты:
Момбекова Л.К.

Өткізілетін күні: 06.05.2025 ж.
Өткізілетін уақыты: сағат 18:35
Өткізілетін жері: хол ОСК
Қатысушылар: 2025 жылдың 5 - ауысым қатысушылары, педагогикалық ұжым, медицина қызметкерлері
Мақсаты: Оқушылардың 5-ауысымда жеткен жетістіктерін атап өту, олардың таланты мен еңбектерін бағалау, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік беру. Сонымен қатар, оқушылардың бір-бірімен өзара қарым-қатынасын нығайтып, көңілді атмосфера қалыптастыру.
Цели: Отметить достижения учеников за 5-ый сезонный период, оценить их таланты и труд, предоставить возможность продемонстрировать свои творческие способности. Также укрепить взаимоотношения между учениками и создать атмосферу веселья.
Міндеті:

- Оқушылардың жетістіктерін көрсету және оларды марапаттау.
- Оқушылардың шығармашылық және зияткерлік қабілеттерін дамытуға арналған көңілді іс-шаралар ұйымдастыру.
- Оқушыларды ұжымдық рухқа тәрбиелеу, командалық жұмыс пен достықты нығайту.
- Ауысымның қорытындысы бойынша мерекелік атмосфера құрып, оқушыларға жағымды эмоциялар сыйлау.
- Оқушылардың арасында қызығушылық пен ынтымақтастықты арттыру үшін түрлі ойындар мен сайыстар өткізу.

Задачи:
• Показать достижения учеников и наградить их.
• Организовать развлекательные мероприятия, направленные на развитие творческих и интеллектуальных способностей учеников.

• Воспитывать командный дух, укреплять командную работу и дружбу.
• Создать праздничную атмосферу по итогам учебного периода и подарить ученикам положительные эмоции.
• Провести различные игры и конкурсы для повышения интереса и взаимного сотрудничества среди учеников.
Қажетті құрал - жабдықтар: музыкалық аппарат, музыкалық сүйемелдеу, микрофондар, планшет, сценарий

Іс - шара барысы

Фанфар ойнайды, жүргізуші шығады

1-жүргізуші:
Армысыздар өнер сүйер қауымдарым,
Жайнасын көңілдердің жасыл бағы.
Ән – шашу, әсем – әуен, түрлі өнер.
Бүгінгі күн сіздерге арналады.
2-ведущий:
Добрый вечер, уважаемые ученики, учителя и гости! Мы рады приветствовать вас на нашем творческом вечере! Сегодня мы собрались здесь, чтобы отметить успехи наших детей в разных областях искусства. Каждый участник продемонстрирует свои таланты, и мы сможем насладиться их выступлениями.
1-жүргізуші:
Ұрпақпен өмір жолы жалғанады,
Көңілді күндер тусын алдан әлі,
Сіздер үшін осы кеш ашылады,
Сіздер үшін 3-топ өнерін салады.
2-ведущий:
Сегодня нас ждут невероятные номера: песни, танцы, стихи и театральные постановки. Все участники постараются удивить нас своими способностями и подарить праздничное настроение.
1-жүргізуші: Арайланып әрбір таңымыз,
Арайланып әнмен сәніміз.
Туған жердің төсінде тұрып,
Шырқатайық кәне бәріміз.
Аминаны «Әже» әнімен қарсы алыңыздар!
2-ведущий:
Дорогие любители искусства, уважаемые учителя, дорогие зрители! Представляем вашему вниманию наших танцующих ребят: Танец «Алаш».
1-жүргізуші:
Біздің халық өнерге мол, бай тегі,
Әнші деп те, биші деп те айт оны.
Әнге сенің канша икемің бар екен,
Тыңдап алып жалғастырсаң қайтеді, - деп ән кезегіне жол береміз.

Ән: Жанәлі мен Фархаттың орындауындағы «Бауырларым» әнін қабыл алыңыздар

2-ведущий:

Пусть струится музыка, слово пусть льётся,
Пусть горят сердца — это праздник идей.
Здесь каждый найдёт для себя вдохновенье,
Здесь встреча волшебных и светлых затей.
Встречайте нашу девушку Нурикамал с узбекским танцем

1-жүргізуші:

Жоқ менің өлең - жырдан өзге алаңым,
Іздеймін сенен терең сөз баламын.
Кейде бір салсаң әуен ыңылдатып,
Көңілдің кетеді ғой қозғап әнін.
Ән: Абдуллах пен Мухаммед «Ана»

2-ведущий:

Наши девочки — талантливые с детства,
Танцуют грациозно, с огнём и искусством.
Где же наши артистки — звёзды веселья?
Пусть без стеснения выйдут на сцену смело!
Встречайте наших девушек с казахским танцем «Қамажай»!

1-жүргізуші:

Хор: «Мен қазақпын»

1-жүргізуші:

Бүгінгі кеш – әр оқушының ішкі жан дүниесін танытатын айна болды. Шығармашылық – шексіз әлем, ал сіздер сол әлемнің жұлдыздарысыздар!

2-ведущий:

Мы благодарим всех участников и зрителей! Желаем вам вдохновения, новых творческих побед и неугасаемого желания творить!

1-жүргізуші: Көңіл бөліп тамашалағандарыңызға көп рахмет! Сау болыңыздар!

2-ведущий:

Спасибо большое за внимание и за то, что были с нами! До свидания!

Оқу-сауықтыру кешенінің директоры **А.Т.Маденова**

«Бөбек» ҰҒПББСО
оқу сауықтыру кешенінің
2025 жылғы 23 сәуір 14 мамыр аралығындағы
медициналық ауысым есебі
Бала саны – 110, 3-4 сынып оқушылары;
Ауысым тақырыбы: «Әрбір адамның бойындағы нұр...»

Аймақ бойынша сауықтырылған балалардың сандық көрсеткіші

№ р/н	Облыстар атауы	Балалар саны	
		жоспарға сәйкес	нақты келген
1	Алматы қаласы	10	10
2	Ақмола облысы	10	10
3	Ақтөбе облысы	10	10
4	Жамбыл облысы	10	10
5	Батыс Қазақстан облысы	10	10
6	Павлодар облысы	10	10
7	Қарағанды облысы	10	10
8	Қызылорда облысы	10	10
9	Маңғыстау облысы	10	10
10	Ұлытау облысы	10	10
11	Шымкент қаласы	10	10
	Қорытынды	**110**	**110**

01.05. күні Қызылорда облысынан келген 07.06.2015ж Жақсылық Ерасылды, 04.05. күні 24.05.2016 ж Жәнібек Алдиярды отбасылық жағдайларына байланысты ата-аналар өтінішімен алып кетулеріне орай, орындарына төмен отбасыларына арналған жалпы білім беретін №17 мектеп интернатынан 1 бала, №204 жалпы білім беретін орта мектептен 1 бала қабылданды.

Балалардың әлеуметтік жағдайы

Әлеуметтік жағдай	абс. сан	%
Ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалар	3	2,7
Аз қамтылған отбасынан	33	30,0
Жетім балалар	3	2,7
Көп балалы отбасынан	71	64,6
Жалпы балалардың ішінен - ауылдық	68	61,8
- қалалық	42	38,2
Экологиялық қолайсыз аймақтан келген балалар саны: 1. Қызылорда облысы: - Қызылорда облысы - 10	10	9,1

Қабылдау кезінде жұқпалы аурулардың алдын-алу мақсатында, дәрігерлер мен мейірбикелер балаларды битшеңдік, котыр мен қышыма және жұқпалы ауруларға қарап тексеріп, балалардың денсаулығы туралы қорытындыны медициналық картаға (нысан №003/у) 2020 жылғы 30 қазандағы №907 ҚР ДСМ - 175/2000 бұйрығымен тіркелген.

Ауысым барысында күнделікті дәрігерлердің медициналық тексеруі, жалпы иммунитет көтеретін сауықтыру рәсімдері тағайындалды: жеткілікті толық түнгі ұйқысы және күндізгі демалысы үйлестірілген емдік-қорғау тәртібі, күніне 6-мезгіл емдік-сауықтыру-тамақтандыру (диета) №15; 3-ші тағамға «С» дәруменін косу; климат әсерімен емдеу (күн, ауа ванналары); шунгитотерапия (жалаң аяқ жүру); галотерапия (тұзбен емдеу); криотерапия (табандарын мұз кесегімен укалау), көзге арналған жаттығу, таңертеңгілік жаттығу және бейімделген дене шынықтыру, инфекцияның созылмалы ошақтарын емдеу және әр балаға оның жасын, физикалық және психоэмоционалды жағдайын ескере отырып, жеке сауықтыру бағдарламасы жасалынды.

Аурудың көрсеткіштері бойынша - Жаксылыков Рифатқа №9 емдік столы (диета) тағайындалды.

Балалардың аурушаңдық құрылымы

№	Аурулардың атауы	абс. саны	%
1	Ақуыз-энергетикалық жетіспеушілігі	24	21,8
2	Артық дене салмағы	2	1,8
3	Жиі ауыратын бала (бадамша таңлай гипертрофиясы, созылмалы тонзиллит, ринит, мұрын пердесінің қисаюы, созылмалы пульпит, созылмалы периодонтит, кариес, тістің орналасу аномалиялары)	63	57,3
4	Қан аздық	17	15,5
5	Аллергиялық аурулар (Поллиноз)	1	0,9
6	Туа біткен жүрек ақауы (ВПС, дефект предсердной перегородки)	1	0,9
7	Тері аурулары (Атопический дерматит)	2	1,8
	Қорытынды:	**110**	**100**

Лор дәрігері мен тіс дәрігерінің (стоматологтың) мұрын - жұтқыншақ, тіс және ауыз қуысы инфекциясының созылмалы ошақтарын профилактикалық тексеруі және емі жүргізілді.

Мамандар	Жалпы балалар саны	Мұқтаж	Емделді
Тіс дәрігері	110	90/81%	20/22,2%
Лор дәрігері	110	5/4,5%	5/4,5%

Жеке физиотерапиялық процедураларды ауруға байланысты әр балаға дәрігер/физиотерапевт тағайындады және жеке қажеттілігіне қарай балаларға күніне 2-3 түрлі физиопроцедуралар түрі жүргізілді.

Физиотерапиялық процедуралар түрі

Физиопроцедуралар түрі	**Процедура саны/процедура бірлігі**
Альфакапсула	165/825
«Биоптрон» шамы	197/295,5
Дарсонваль тоғы	126/315
Магнитпен емдеу	189/567
Жылумен емдеу (теплон)	125/375
Емдік уқалау (массаж)	660/940
Электрофорез	119/238
УЗТ терапия	20/50
СМТ терапия	133/399
Ингаляция	142/142
Галотерапия	1653/1653
Шунгитотерапия	1653/1653
Криотерапия (табандарын мұз кесегімен уқалау)	1100/1100
Парафинмен емдеу	95/237,5
Ультра фиолетті сәулелендіру (УФО)	560/840
Қорытынды	**6937/9630**

Сауықтыру тиімділігі: денсаулығы айтарлықтай жақсарған және едәуір жақсарған балалар саны 107/97,3%, өзгеріссіз 3/2,7%.

Алматы қаласы клиникалық ауруханаларына қаралғандар:

Мекеме атауы:	**абс**	**%**
№5 Қалалық клиникалық ауруханасы	6	5,4

1. 05.05. Отан Әлисұлтан 20.11.2016ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасының стоматолог- хирургтің қабылдауында болып, ауыз қуыс жақ аймақтарына панорамалық рентген жасалынды. «Төменгі жақтың 7,5 тіс сол жақ аймағының жедел ірінді периостит» диагнозы қойылды. 2% лидокаин ерітіндісімен жергілікті анестезия жасалынып, тісін сақтай отырып, периостомия (кесу) жасалынып, іріңі тазаланды, симптоматикалық ем қабылдады. Тұрғылықты жерінде стоматолог дәрігерінің бақылауында болу қажеттілігі туралы дәрігер кеңесі берілді.
2. 05.05. Мұхамбетияр Ақниет 20.05.2016ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасының стоматолог- хирургтің қабылдауында болып, ауыз қуыс жақ аймактарына панорамалық рентген жасалынды. «23,36,46 тістерінің созылмалы

перидонтиті» диагнозы қойылып, симптоматикалық ем қабылдады. Тұрғылықты жерінде емдеуді жалғастыру туралы дәрігер кеңесі берілді.
3. 05.05. Алданыш Айсұлтан 28.09.2014ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасының стоматолог- хирургтің қабылдауында болып, ауыз қуыс жақ аймактарына панорамалық рентген жасалынды. «Жоғарғы жақ тістердің қабаттасып жиі орналасуы» (Сверхкомплектный зуб в области верхней челюсти) диагнозы қойылды. Тұрғылықты жерінде стоматолог дәрігерінен ем қабылдау қажеттілігі туралы дәрігер кеңесі берілді.
4. 05.05. Жолдасова Айарыу 25.12.2015ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасының стоматолог- хирургтің қабылдауында болып, ауыз қуыс жақ аймактарына панорамалық рентген жасалынды. «46,54,65 тістерінің созылмалы перидонтиті» диагнозы қойылды. Симптоматикалық ем қабылдап, тұрғылықты жерінде емдеуді жалғастыру туралы дәрігер кеңесі берілді.
5. 05.05. Базарбек Нұрикамал Тургунбайқызы 03.03.2014ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасының стоматолог- хирургтің қабылдауында болып, ауыз қуыс жақ аймактарына панорамалық рентген жасалынды. «26,36,46 тістерінің созылмалы перидонтиті» диагнозы қойылды. Симптоматикалық ем қабылдап, тұрғылықты жерінде емдеуді жалғастыру туралы дәрігер кеңесі берілді.
6. 12.05. Мұратбек Бибітханша 06.05.2015ж, №5 Қалалық клиникалық ауруханасының стоматолог- хирургтің қабылдауында болып, ауыз қуыс жақ аймактарына панорамалық рентген жасалынды. «36 тісінің созылмалы перидонтиті» диагнозы қойылып, симптоматикалық ем қабылдады.

Сенсорлық бөлмеде балалармен топтық реалаксация сағаттары өткізілді. Оқу-тәрбие және демалыс іс - шаралары, конкурстар, шығармашылық шеберхана және жобалар жоспарға сәйкес өткізілді.

Ата-аналар пікірлері:







Оқу-сауықтыру кешенінің директоры **А.Т. Маденова**

Фото-есеп	
 Ауысым барысындағы күнделікті балалар дәрігерлерінің медициналық тексеруі және бақылауы.	 Сауықтырылуға келген барлық балалар стоматологиялық кабинетте профилактикалық тексеруден өтеді және тістер мен қызылиек аурулары болған жағдайда тиімді ем алады.
 Лор дәрігері мұрын – жұтқыншақ, құлақ инфекциясының созылмалы ошақтарын профилактикалық тексеруі және емі жүргізілді.	 Балалардың өсу көрсеткішін анықтау мақсатында балалар келген алғашқы күні балалардың бойы мен салмағының сәйкестігі өлшенеді.




Балалардың денелік (физикалық) даму деңгейін анықтау үшін түрлі функционалдық сынамалар жасалынады, яғни баланың жатқан күйіндегі пульс жиілігі мен артериалды қысымы (Генче сынамасы) өлшенеді

.

Емдік уқалау (массаж) –бұл адам ағзасына механикалық және рефлекторлық әсер ететін медициналық әдіс.
Емдік уқалаудың ағзаға кең ауқымды әсер етуі және дәрі-дәрмексіз пайдалануымен ерекшеленеді. Сауықтыру ауысымына келген барлық балалар емдік уқалау шарасын алады.

Альфа массажды капсула денсаулықты сауықтыру, оңалту және жағымды музыкалық терапия әдісі ретінде қолданылады. Альфа массажды капсуланы күнделікті қабылдау балалардың көңіл-күйін көтеріп, рухани және физикалық денсаулығын жақсартады

Галотерапия - бұл денсаулықты нығайту үшін аурудың алдын-алу, сауықтыру және оңалту әдісінің бір түрі.
Балалар сауықтыру ауысымы кезінде рухани рухани және физикалық денсаулықтың күш-қуаты мен үйлесімін арттыруға ықпал ететін галотерапия емдік шараларын күнде қабылдайды.

 Ультракүлгін сәулелерімен емдеу – ағзаның қызметін ынталандырудың тиімді құралдарының бірі. Оқу-сауықтыру кешенінде ультракүлгін сәулелері суықтың алдын алу және иммунитетті нығайту мақсатында кеңінен қолданылады.	 Полярланған жарық таратын «Биоптрон» сәулесі балаларға жағымды, қауіпсіз емдеуді ұсынады және ағзаның қорғаныс жүйесін арттырады. Биоптрон сәулесі әр түрлі аллергия және тері ауруларында, тыныс жолы ауруларында ағзаны сауықтыру үшін қолданылады.
 Ультрадыбыстық терапия – емдік мақасатта ультрадыбыс қолданатын емдеу әдісі. Ауыспалы акустикалық қысым тіндердегі температураның жоғарылауына әкеледі, микроайналымды жақсартады. Ультрадыбыстық толқындардың ықпалынан асқынулар, ауырсыну, қышыну, ісіктер азаяды, қалпына келу үдерістері күшейеді.	 Табан аймағында белсенді биологиялық аймақтар шоғырланғаны белгілі, олар ішкі ағзаның жұмыс белсенділігін арттыруға үлес қосады. Денсаулықтарын оңалтуға келген балаларға мұз түйіршіктерімен массаж жасау арқылы бала денесінің әр түрлі жүйелерінде елеулі оң жылжуды ынталандыратын, терінің температурасы рұқсат етілген деңгейдің төменгі шегіне дейін төмендеген кезде жедел реакцияға және сауықтыруға бағытталған бұл әдіс кеңінен қолданылады.

 Жылу терапиясы – бұл емдік мақсатта қолданылатын, иммундық жүйені нығайтатын, жүйке жүйесін тыныштандыратын магнит өрісі. Қызыл жарық пен магниттік сәулеленудің импульсті сәулеленуі аллергиялық жағдайларда тиімді, шырышты ісінудің алдын алып, мұрынның ағуы мен бітелуін және тамақ аурын жояды	 Дарсонваль - сауықтыру - емдеу әдістерінің бірі. Дарсонваль аппаратын күнделікті қолдану балаларға суықтың алғашқы белгілерімен күресуге, иммунитетті нығайтуға, ас қорыту жүйесінің жұмысын қалыпқа келтіруге, көгерген кезде ауырсыну мен қабынуды жеңілдетуге, жүйке жүйесін тыныштандыруға мүмкіндік береді.
 Ингаляциялық терапия - жоғарғы тыныс жолдарының ауруларының алдын алу және емдеудің ең қауіпсіз және тиімді әдістерінің бірі . Ингаляция қабылдау кезінде препараттар тыныс алу жолдарына тез және тиімді әсер етеді	 Амплипульстерапия- күші төмен айнымалы синусоидальды модульдік токтармен әсер ететін электрмен емдеу әдісі. Оқу-сауықтыру кешенінде бұл әдіс сауықтырудың жұмсақ және мүлдем қауіпсіз әдісі ретінде кеңінен қолданылады.

Магнитотерапия- бұл төменжиілікті ауыспалы немесе тұрақты магнит өрісі қолданылатын физиотерапия әдісі. Физиотерапияның бұл әдісін оқу-сауықтыру кешеніне денсаулықтарын оңалтуға келген балаларға жоғарғы тыныс жолдарының аурулары, көз патологиясы, өт шығару жолдарының қабыну кезінде сауықтыру және оңалту үшін кеңінен қолданылады.

Парафин-озокерит жапсырмалары денені қыздырып, қан тамырларын кеңітеді. Ауырған жердің қан айналысын қалпына келтіріп, ауырғанын басады, ісігін қайтарады. Оқу-сауықтыру кешенінде физиотерапевт дәрігерінің тағайындауы бойынша балаларға суықтың алғашқы белгілерімен күресуге, иммунитетті нығайтуға, аяқ-буын ауруларын емдеуге әр күн сайын 5-6 рет тағайындалады

Шунгит өзінің сиқырлы, емдік қасиеттерімен танымал минерал. Балалар алғашқы күннен бастап арнайы төселген "Денсаулық жолымен" 4-5 минут жүреді, күн сайын 1 минут қосып, 10 минутқа дейін жеткізеді. Шунгит тастарда жалаң аяқ жүру табанда орналасқан нүктелердің белсенділігін арттырады және жалпақ табандылықтың алдын алады.

Оқу процесі мемлекеттік стандартқа сәйкес ұйымдастырылды, оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде жүргізілді;
- бастауыш мектеп бағдарламасы оқушыларды адамгершілік-рухани тәрбиелеуге, олардың оқу іс-әрекеті дағдыларының, мінез-құлық мәдениеті мен салауатты өмір салтының негіздерін, оқу техникасын, жазу үлгісін, есепті меңгеруіне, баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілеттерін анықтауға және дамытуға бағытталған

1-ші мамыр Қазақстан халықтары достығы мен бірлігі күніне орай, кешенде «Бір шаңырақ астында» атты көңілді фестиваль өткізілді. Балалар әр ұлт өкілдерінің өнері мен салт-дәстүрлерін көрсетті.

7 мамыр Отан қорғаушылар күніне орай кешенде «Алға!Самға! Талма!» атты спорттық эстафета ұйымдастырылды. Қатысушы балалар өздерінің ептіліктерін, күштерін, жылдамдықтарын көрсете білді.

Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерекесіне орай Оқу-сауықтыру кешенінде «Ер есімі –ел есінде!» атты тақырыпта іс-шара өткізіліп, «28 гвардиялық-панфиловшылар» атындағы саябаққа саяхат ұйымдастырылды. Іс-шарада балалар өз Отанының патриоты болу – бұл ең алдымен елге және оның игіліктеріне деген мақтаныш сезімдерін өз жүрегінде ұялату екенін ұғынды.

Ата-аналар пікірлері:







Әлеуметтік желілердегі посттарға сілтемелер

1. **Жарық тарататы**н **«Биоптрон» құралы**
https://www.instagram.com/p/DJEJOtXqZUW/?igsh=Y3FmZmgzOWFhYmdn
2. **«Халықтар достығы» фестивалі**
https://www.instagram.com/p/DJOHvBxqwlE/?igsh=MXpkMmY2b3hsc2E=
3. **Хайуанаттар бағына саяхат**
https://www.instagram.com/reel/DJOLOioKcpS/?igsh=ZjFkaHNjM3dtZXpn
4. **«Алға, самға, талма» спорттық эстафетасы**
https://www.instagram.com/p/DJWYV51qYq9/?igsh=MXB5MXczdWdmM3E5eg==
5. **«Ер есімі- ел есінде!»**
https://www.instagram.com/p/DJY-uDYqpbY/?igsh=MTAxMHBhcWtkOHJtcA==
6. **Халықаралық медбикелер күні**
https://www.instagram.com/reel/DJuQNL-qFq7/?igsh=MWJ2aHc0NXQxeHB1cg==

Ауысым туралы бейнематериалдар (ролик)
https://drive.google.com/file/d/1FFD106sUOio2ok4HWq-_0wztM0paiUG3/view?usp=drive_link